

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№ 3/2023

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 17.10.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,
Астана, Казахстан
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, Астана,
Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 10.10.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типопр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute
Institute, Astana, Kazakhstan
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute,
Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkeпова K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryzshyan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 17.10.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АВЫЛОВА Г.Е., АРИПZHAN G.Zh.	The concept of time in the ancient turkic written monuments.....	7
НУРГАЗИНА А.Б., ТЛЕШ Қ.Е., АЮПОВА Г.К.	Художественный концепт «форсайты» в пространстве текста и способы объективации его смысла.....	20
РАМАЗАНОВ Т.Б., АХМЕТ А.Н., ШОРМАКОВА А.Б.	Лингвокультурный характер диалога в художественном тексте.....	38
САГИДОЛДА Г., САРЕКЕНОВА Қ.Қ., САПАРНИЯЗОВА М.	Ясауи «Хикметтері» тілінің когнитивтік құрылымы: «иман» тұжырымдамасы.....	56
ШАҚАМАН Ы.Б.	Сөз гешталты.....	72

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АДАЕВА Е.С.	Қазақ әдебиетін зерттеудің гендерлік аспектілері.....	85
АЛИМБАЕВ А.Е.	Ежелгі жыр-дастандардағы елдік пен қаһармандық.....	102
АМАНҒАЗЫҚЫЗЫ М. ОРАЗБЕК М.С.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы қала бейнесі.....	115
АХМЕР Б.Е., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., КУРМАМБАЕВА К.С.	Серікбол Қондыбайдың «ілкі төр» концепциясының символдық-мифопоэтикалық мәні.....	126
ӘБСАДЫҚ А.А., ДОСОВА А.Т.	«Қырық мысал»: жинақтың жариялану тарихы және оның Абай шығармашылығымен үндестігі.....	139
ТҮСІПОВА Г.Б., ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.	Алаш кезеңіндегі аударма: Ж.Аймауытұлы – ДЖ.Лондон әңгімелерін қазақ тіліне тұңғыш аударушы.....	156
ZHARYLGAPOV ZH.ZH. SYZDYKOVA B.E.	The concept of archetype in literature and Jung's theories.....	172
КЕРІМБЕКОВА Б.Д.	Дулат Исабеков прозасындағы юмор мен сатира («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі негізінде).....	185
ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӨРСЕНБАЕВА Ж.Б., ХУАТБЕКҰЛЫ Е.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы жаңа тенденциялар (А. Елгезек, Б. Қарағызұлы, Е. Жүніс шығармалары негізінде).....	197
ОМАРОВ Б.Ж.	«Панчатантра», «Кәлила мен Димна» және қазақ мысалы: сюжет пен трансформация.....	214

САҒЫНАДИН Г.	Эстофольклортанудың кейбір ғылыми-теориялық мәселелері.....	231
ТОҚСАМБАЕВА А.О. ҚАДЫРОВ А.Қ. ҚАБЫШЕВ Т.Б.	Рахымжан Отарбаевтың драмалық шығармаларындағы хан-сұлтандар мен батырлар бейнесі.....	242

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

АЗАТБАҚЫТ А.А., КАРТАЕВА А.М., ТАМАЕВ А.Т.	М.Әуезов әңгімелерін оқытудың ғылыми-теориялық негіздері.....	260
ASAVBAEVA G.B., YEREZHNEPOVA S.K. ZHUMSAKBAYEV A.T.	Teaching languages in technical universities.....	272

ХҒТАР 17.01.07

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.14>*А.П. ҚҰРМАНБАЙ¹ Ж.Б. СӘРСЕНБАЕВА² Е. ХУАТБЕКҰЛЫ³ 

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан^{1,2}
(e-mail: aizhankurmanbai@gmail.com¹, s.zhansulu.kz@mail.ru², erema_k91@mail.ru³)

*ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖАҢА ТЕНДЕНЦИЯЛАР (А. Елгезек, Б. Қарағызұлы, Е. Жүніс шығармалары негізінде)

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы жаңашылдық пен дәстүр сабақтастығын анықтау мақсатында екі мыңыншы жылдардан кейін шығармашылығы оқырман қауымға етене таныла бастаған қаламгерлердің өлеңдеріне талдау жасалды. Олардың өлеңдеріндегі соңғы тенденциялар мен әрбірінің стильдік ерекшелігіне жіті назар аударылды. Өлеңдердің синтаксистік құрылымы мен тілдік бірліктеріне және интонациялық құрылымына ерекше көңіл бөлінді. Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың өлеңтануға байланысты ғылыми тұжырымдары негізінде ақ өлең және прозалық өлең түрлеріне мысалдар келтірілді. Өлеңдердің тек сыртқы формасы ғана қарастырылып қоймай, ішкі мазмұнына, тақырыптық-идеялық ерекшеліктеріне мән берілді. Өлеңдердің шумақтық ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жүргізілді. Буын, бунақ, тармақ, ұйқас секілді ұғымдардың бұрынғыдан өзгерісіне мән берілді. Өлеңдердің құрылымына қоғамдық даму кезеңдерінің қалай әсер еткендігі анықталды. Зерттеу барысында қазіргі қазақ поэзиясындағы құрылымдық өзгерістерден бөлек әлемдік поэзиядағы соңғы кездері пайда болған тенденцияларға да назар аударылды. Ғаламтор мен технологияның дамуының әсерімен өлең жүйесінде пайда болған жанрлық ерекшеліктердің сабақтаса дамуы қарастырылды.

Зерттеу нәтижесінде қазіргі қазақ поэзиясының даму сипаты мен ондағы жаңашылдық белгілері, поэзиядағы жанрлық өзгерістер екшеліп көрсетілді. Қазіргі ақындардың поэзияны түрлендірудегі соны ізденістері анықталды.

Түйін сөздер: поэзия, форма, стиль, модификация, ырғақ, ақ өлең, қара өлең, прозалық өлең.

Кіріспе. Қазақ поэзиясының тарихына назар аударсақ, тамыры тым әріде

* Мақалаға ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР13067815 «Қазіргі поэзиядағы модификация: стиль, ырғақ, форма» ғылыми жобасы аясында жазылды.

жатқанын білеміз. Сонау сақ, ғұн дәуірі, одан беріректегі тасқа қашалып жазылған жазулары – мұның бәрі де қазақ өлеңінің бастауы. Бірақ заман ағымымен толысып, түрлі өзгерістен өтіп, тек мазмұндық жағынан емес, формалық, ырғақтық жағынан талай өзгерістен өткен поэзияның бүгінгі пішімі мүлде бөлек кейіпке еніп келеді. Бұл – поэзияның жаңашылдығының белгісі. Десе де, ескі жанр саналатын поэзияда дәстүр жалғастығының да көрінісі бар.

Жалпы әдебиеттің өзгеруіне қоғамдық формацияның өзгеруі орасан зор әсер етеді. Бұлай деуімізге себеп: еліміз тәуелсіздігін алған соң төл поэзиямыздың ішкі мазмұнымен қатар сыртқы құрылымдық-ырғақтық формасы да түрлене түсті.

Қазіргі қазақ поэзиясында, оның ішінде поэзия өлкесіне екі мыңыншы жылдары келген буынның шығармашылығының көркемдік сипатында, ырғақтық, интонациялық құрылымында еркіндік айқын аңғарыла бастады. Бұл буын дәстүрлі жазу формасынан бас тарта отырып, түрлі эксперименттер жасап, поэзиядағы стильдік әралуандылықты тудыра алды.

Танакөз Толқынқызы, Тоқтарәлі Таңжарық, Ардақ Нұрғазы, Ақберен Елгезек, Ерлан Жүніс, Мақпал Мыса, Бауыржан Қарағызұлы, Ырысбек Дәбей, Алмас Темірбай, Мақпал Жұмабай, Мирас Асан, Азамат Тасқараұлы және т.б. ақындардың шығармашылығы өзіндік формалық ізденістерімен ерекше назар аударарлықтай. Бұл аталған буын шығармашылығын интернет арқылы оқырман қауымға жеткізіп, классикалық өлең формасынан мүлде алшақтап, жаңа құрылымдағы өлеңдері арқылы қазақ поэзиясын түрлендіріп, жанрлық ерекшелігін арттыра түсті де.

Жоғарыда аталған ақындар қатарында классикалық, қара өлең үлгісінде жазатындар мен жаңашыл бағытта, көбіне ақ өлең үлгісінде жазатын екі топтың өкілдері қоса аталды. Әдебиетке екі мыңыншы жылдары келген ақындардың бір тобының шығармашылығына батыс поэзиясы мен музыкасының әсері болса, екінші бір тобы ұлттық таным мен тарихқа, халық ауыз әдебиеті үлгілеріне иек артса, кейбірі шығыс халықтарының поэзия стиліне ден қойды.

Бүгінгі қазақ поэзиясына қатысты байқалған тағы бір тенденция – ақындар ақ өлең, верлиберлер, прозалық өлеңдер мен графикалық суреттерді мазмұнды көркем түрде жеткізу мақсатынан алшақтап, жай эксперимент деңгейінде қалғаны аңғарылады. Өлеңдегі мұндай мазмұн мен форманың қабыспаған олқылығы оқырман қауымды қызықтырмай, әдебиеттен алшақтауына сеп болады.

Біз талдау нысанына алған жаңашыл бағыттағы, шығармашылығына ақ өлең және прозалық өлең үлгісі тән ақындардың өлеңдерінің басым бөлігінде ырғақтық жүйе сақталмайды. Әйтсе де, зерттеу барысында мұндай өлең үлгілерінің тақырыптық ауқымы өте кең екені байқалды.

Осы тұста қазіргі поэзиядағы формалық өзгерістердің пайда болуына ғаламтордың да әсері мол болғанын айта кеткен жөн. Ғаламтор дамуының

нәтижесінде қазіргі әдебиеттану саласында поэзиямен байланысты киберпоэзия және желілік әдебиет секілді ұғымдар пайда болды.

Әдістеме мен зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында поэзиядағы ырғақ, форма, стиль мәселелеріне байланысты түрлі теориялық еңбектерге шолу жасалды.

Қазіргі поэзиядағы жанрлық, стильдік жаңашылдықтарды бағамдау мақсатында өлеңдердің мазмұндық ерекшеліктеріне типологиялық салыстырмалы, сипаттау, жүйелеу, сондай-ақ құрылымдық ерекшеліктерін анықтау үшін лингвистикалық, стилистикалық әдістер қолданылды.

Зерттеу барысында бүгінгі күнге дейін әдебиеттану саласында қазақ поэзиясының ішкі мазмұны мен тақырыптық-идеялық ерекшелігіне байланысты көптеген зерттеулер жүргізілгені, ал оның сыртқы құрылымдық және стильдік ерекшеліктеріне байланысты зерттеулердің тым аз екендігі анықталды. Әсіресе, қазақ поэзиясына екі мыңыншы жылдардан кейін келген ақындардың шығармашылығындағы стиль, форма, модификация мәселелеріне байланысты зерттеулер мен ғылыми мақалалар жоқтың қасы.

Мақаланы жазу барысында қазақ өлеңінің құрылымына байланысты З. Ахметовтің еңбектері басты назарға алынды [1], [2], [3]. Сонымен қатар қазақ өлеңдерінің құрылымдық өзгерістері мен оның даму үрдістерін анықтауға қазақ өлеңтануына байланысты зерттеулер жүргізген санаулы ғалымдар С. Негимов [4], А. Үсен [5], С. Ержанова [6], [7] сынды ғалымдардың еңбектері де бағдар болды.

Өзге де халықтардың өлеңдеріндегі заманауи тенденциялармен танысу мақсатында америкалық әдебиеттанушы Ричард Пуарьенің [8], Роберт Кроуфорд [9] және славян халықтарының қазіргі поэзиясын зерттеп жүрген неміс әдебиеттанушысы Хенрике Штальдің [10] еңбектері бағдар болды. Ал орыс ғалымдарынан В. Жирмунскийдің [11], А. Потебняның [12], О. Федотовтың [13] және т.б. ғалымдардың өлең құрылымына байланысты тұжырымдары талдау барысында негізге алынды.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы негізгі тенденцияларды анықтау мақсатында өлең өлкесіне екі мыңыншы жылдары қадам басқан: Ақберен Елгезек, Ерлан Жүніс, Бауыржан Қарағызұлы сынды ақындардың шығармашылығы талдау нысанына алынды.

Талқылау мен бақылау. Өлеңнің уақыт талабына сай мазмұндық жағынан да, құрылымдық жағынан да өзгеруі заңдылық. Әр дәуірдің өзіндік ерекшеліктері бар. Соған сәйкес қаламгерлер де ізденіс жасап, оқырманның талабымен санасып отырады.

Қазіргі таңдағы қазақ поэзиясы да жаңаша бір сипатқа ие. Тақырыбы, ондағы көтерілетін идея да, мазмұн да мүлде басқаша. Оның сыртқы формасы да бұрынғыдай Абай із салған қара өлең ұйқасынан өзгешеленіп келеді. Дәстүрлі ұйқас желісіне салып, оның ритмикалық, интонациялық құрылымын

бұрынғыдай сақтап отыру бүгінгі ақындарда сирек кездеседі. Өлеңнің ішкі мазмұндық бірлігін құрайтын эмоция, экспрессия, психологизм де басқаша.

Әдебиеттанушы Б. Майтанов «Қазіргі қазақ поэзиясы және постмодернизм» атты мақаласында: «Қазіргі әдебиет ұраншыл әдебиет болып табылмайтыны мәлім. Бұл да тәуелсіздіктің демократиялық ұстанымдары әперген бағалы жетістік саналса керек. Әдеби үдерісте бұрыннан бері үстемдік етіп келе жатқан реалистік, романтикалық әдістер модернистік және постмодернистік, неореалистік бағыттармен толыса бастады», – дейді [14]. Ғалымның осында айтқан «Қазіргі әдебиет ұраншыл әдебиет болып табылмайтыны мәлім», деген тұжырымының жаны бар екенін қазіргі жас ақындардың өлеңдерін оқи отырып, көз жеткіземіз. Расында бүгінгі ақындардың өлеңінде адамның ішкі жан дүниесіне тереңірек үңілу, ірі детальдардан көрі ұсақ детальдарға мән беру, үлкен оқиғаларға емес, күнделікті тіршіліктегі қарапайым адамдар мән бере бермейтін жайттарға үлкен сипат бере жырлау басым. Қазақ әдебиетінде мұндай эстетикалық һәм құрлымдық өзгеріске Т. Медетбек, Е. Раушанов, Ж. Бөдеш, Н. Мәукенұлы, Т. Әбдікәкімұлы, Г. Салықбай, Ә. Ботпанов, Ә. Балқыбек, М. Райымбек, Ж. Әскербекқызы, С. Нұржан және т.б. сынды ақындардың шығармашылығы ерекше әсер етті. Бұл ақындардың шығармашылығындағы жаңашылдықты қазақ поэзиясына екі мыңыншы жылдардан кейін қосылған ақындар жалғастырды.

Көрнекті ғалым М. Базарбаев: «Поэзия өз дәуірінің поэзиясы болмай тұра алмайды және болуға міндетті», – деген А.В. Луначарскийдің сөзін дәйектей отырып, былай дейді: «Ал кімде кім өз дәуірінің болашақпен қабыстыратын айырым белгілерін тауып көрсете білсе, ол мәңгі өлмейтін ақын болғаны» [15:28]. Қазақ поэзиясында есімдері екі мыңыншы жылдардан кейін атала бастаған Танакөз Толқынқызы, Тоқтарәлі Таңжарық, Ақберен Елгезек, Ерлан Жүніс, Мақпал Мыса, Бауыржан Қарағызұлы, Алмас Темірбай, Мақпал Жұмабай және т.б. ақындардың әрбірі өзіндік үнімен, қайталанбас стилімен, жаңалығымен келген ақындар.

Ақберен Елгезек осы буынның есімі ең жиі айтылатын, оқырманы көп ақындардың бірі. Оның шығармашылығының тақырыбы саналуан. Өлеңдері оқырманның жүрегіндегі сезімді дөп басып, ішкі жан-дүниесін ақтарып салатын қасиетке ие. Шығармашылығында ерекше бір мұң, күйзеліс байқалады. Бірақ бұл күйзеліс жанды жүдетіп, еңсені езбейді – қайта дөңгеленген дүниенің жылдамдығынан бір сәт қалыс қалып, өзіңнің ішкі әлеміңе бойлауға, өзіңмен-өзің сырласуға жетелейді. Ақын Тыныштықбек Әбдікәкімұлы ақынның «Калейдоскоп» атты өлеңдер жинағына жазған «Езу тартып күлген мұң» аталатын алғы сөзінде: «Бек лыпыған күлгін-жасыл жүзінде қас дұшпанның арам қаны алабөтен ырши безектеген ақ берендей Ақберендік сұмдық өткір күйзеліс», – деп оның өлеңдеріндегі мұңның өзгешелігін сипаттайды [16:3]. Ақберен Елгезек өлеңдерінде күнделікті өмір құбылыстары, адам және

адамның жаратылысы мен оның ішкі әлемі өзгеше кейіпте бейнеленгенінен бөлек, оның сыртқы формасы да өзгеше. Сол себептен де, ол поэзияға енді қадам басып, «ә» дегеннен-ақ өлеңдері баспасөз беттерінде тарағанда көпшілік оның шығармашылығын «батысшыл» деп сынап жатты. Соған қарамастан оның өлеңдері уақыт көшінен қалып қоймады. Оқырман жүрегінен ыстық орын алды – көзі қарақты халық өз бағасын берді.

Ақберен Елгезек өлеңдерінің ішінде ақ өлең ұйқасымен жазылғаны да, прозалық өлеңдер де, дәстүрлі ұйқаспен жазылғандары да бар. Кейбір өлеңдерінде ақ өлең мен еркін өлең категориясына жататын шумақтар да бар. Мәселен, «Тұман» өлеңінің бастапқы тармақтарында ұйқас болса, соңғы тармақтарында бастапқы ұйқас желісін сақтамай, еркін қалам сермейді, әр тармақтың бунақ саны әртүрлі өріледі:

Менің нала// -мұңымнан жаратылған – 11

дала – тұман...// – 8

Түкпірінде // тұманның // періште жүр, – 11

пейіш нұры // тамшылап // қанатынан... –11

Қалар ма екем // айырылып // тағатымнан, – 13

уақыт нұры // тамшылар // сағатымнан, – 11

нәрестенің іңгәсі // құмығады, –11

жусаннан // жаңа туған; – 7

Жұпар буы // шыға алмай // қауыздардан, – 11

Сөздер – // ауыздардан; – 6

күмәнді ойдың // айналып // құрбанына, – 12

Ес жатыр // бауыздалған..., – 7- деген тұсқа дейін өлеңнің ритмі сақталып келеді де, келесі:

О, сұмдық-ай, // көрініс // ауыр қандай! – 11

Көзі ақшия // тұншыққан // дауылдардай – 11

Аппақ тұман!// – 4

Тұманның түйсігінде// – 7

қаңыраған // қазақы // ауыл бардай..., – 11- деген жолдарда басқаша өлең желісіне түсіп кете барады. Ал соңғы:

Сіңіп барам // мәңгірген // ағайынға... – 11

Сынған сәуле // түседі орайыма. –11

Соқыр тұман // және Мен... – 7

«Мен» деппін ғой...// – 4

өзімнің де // тұманнан // жоқ айырмам..., – 11 – дейді [16:31].

Байқағанымыздай, өлеңнің алғашқы екі компонентінде бір ритм сақталып тұрғанымен, соңғы бөлікте сақталмаған. Сондай-ақ өлеңнің ұйқасы да әркелкі екенін буын сандарының өзі анықтап беріп тұр. Өлеңнің басым бөлігі 11 буынды болғанымен, қалған тармақтардың буын саны әркелкі болғандықтан өлеңнің ырғақтық жүйесі де сақталмай тұр. 4-6-7-8 буынды тармақтар 11

буынды бірінші тармақтардың мағынасына кірігіп, өлеңнің эмоционалды-экспрессивтілігін арттырып тұр.

Ақынның келесі «Депрессия» атты өлеңі ақ өлең үлгісімен жазылған:

Бұрын,

Көңілімнің бағында гүлдеп тұратын үміттер.

Көкірегімдегі нұр шашатын күдік те.

Түні бойы өлең жазып,

Таң алды

Жанарымда жай ойнаушы ед, жігіттер!.. Өлеңнің осы бір шумағының басында ұйқас-өлшем жоқ [16:46]. Ал келесі шумақтың алғашқы тармақтарында ұйқас сақталып, соңғы екі тармағында сақталмаған:

Кеше,

Талай-талай кітап оқып тартымды,

Ақыл-есім ойжетпеске талпынды.

Ондай кезде, мырзасынғандардың бетіне

Шашып кететінмін алтынды [16:46]. – Өлеңнің осы тармақтарында орын тәртібі де сақталмаған. Алғашқы екі тармақты: 4+4+3; 4+4+3 буыны құрайды. Ал келесі тармақтардың буын саны бір-бірінен мүлде алшак: 4+6+3; 2+4+3. Буындардың мұндай әркелкілігі Ақберен Елгезектің барлық өлеңіне тән дерлік. Яғни, оның өлеңдері қазіргі таңда көп кездесетін ақ өлең стилімен жазылған. Тағы бір Ақберен шығармашылығына тән ерекшеліктердің бірі – оның өлеңдерінде төрт тармақтан тұратын шумақтар көп кездеспейді. Оның шумақтары бірінен соң бірі тізбектеліп жалғасып кете береді және әрқашан бірінші тармақтың екінші тармақ мағынасын арттырып отырады. Тек ішінара екі тармақты өлеңдері кездесіп отырады (Мысалы, «Серт» өлеңі).

Ақберен Елгезек секілді өлеңнің дәстүрлі құрылымына бағынбайтын, өзіндік стилі мен үні бар, шығармалары терең философиялық мәнге ие ақындардың бірі – Бауыржан Қарағызұлы. Оның «Жоғалған сөз. 17.10.2082 жыл» өлеңі дәстүрлі өлең ұйқасынан бөлек – ақ өлең өрнегімен жазылған:

Қайран Тағдыр сурет салып күрсінген, // – 11

Рухымның халін кімнен сұраймын?! // – 10

Ой ағады екі дүние демінде, // – 12

Антыменен Құдайдың [17:7]. // – 7.

Бұл өлең шумақтардан тұрмайды. Өлеңнің әр екі тармағында бір ой аяқталады. Әр тармақтың буын саны әркелкі, ырғақтың күші басым.

Ақынның өзгеше формадағы өлеңінің бірі – «WHATSAPP. ӘНГІМЕ. (Шоқан Жолдосыма)» деп аталады. Бұл өлеңінде жоғарыдағы өлең секілді айтылар ой әр екі тармақ сайын аяқталмаған, бір реттілік сақталмаған. Мұндағы ойды аяқтаушы тармақ «Жолдосым» қаратпа сөзімен берілген. Бұл өлең дауыс толқынының икемділігімен, яғни интонацияның әсерімен әсерлі жеткізілген. Өлең тармақтарындағы буын саны әркелкі:

Аурасы шалқыған жүзіңнен // – 9
Аспан сөйлесін, // – 5
ЖолДосым... // – 3
Сауап аңқыған ізіңнен // – 8
Сәлем сөйлесін, // – 5
ЖолДосым...// – 3
Жазмыштың демі – ойыңнан // – 10
Момын// – 2
Жер күбірлесін, // – 5
ЖолДосым... // – 3 [17:123].

Қазақ өлеңінде бұрын-соңды осы өлең секілді тармақтың 3 буыннан тұруы сирек кездесетін құбылыс еді. Ал бұл өлеңде әр үшінші тармақ 3 буынмен аяқталып, өлеңнің ырғақтық жүйесін қуаттап тұр.

Қазақ поэзиясында 15-16 буынды өлеңдер жайлы сөз қозғағанда ең әуелі есімізге түсетіні ақын Төлеген Айбергеновтің «Ана» өлеңі екені сөзсіз. Бұл өлең тұтас 15-16 буынға құрылып, ұйқас жүйесі сақталса, ақын Бауыржан Қарағызұлының «Адасу. Қала. Депрессия» атты өлеңінде ұйқас сақталмаған, мұнда жеті буынды тармақтың қайталанып келуі арқылы ырғақ жүйесі сақталып тұр:

Бү дүниеден жалығып, о дүниені аңсаған, // – 16
Жан мұңынан қорқам да, мен де өтірік ән салам. // – 15
Өзін-өзі алдаған, Маңдайым-ай, не дейін – // – 14
Бадырақ көз үрейім, // – 7
Ессіз езу мерейім. // – 7
Қан мен тердің кенжесі – тым жылтырақ қаланың // – 14
Көшесінде мерт болған күндерімді санадым. // – 14
Санадым да өкіндім... // – 7 [17:125].

Қазіргі поэзияда ерекше назар аударарлық жай өлеңдердегі бунақтар дәстүрлі өлеңдердегі 4-3-4 буын сандарынан ерекшеленеді. Академик З. Ахметов: «Кейде ақындар өз өлеңдерінде буын саны төрттен көп бірлі жарым сөзді қолдануға ұмтылғанымен, жалпы алғанда бұл қазақ өлең құрылысына тән нәрсе дап санауға болмайды», – дейді [1:153]. Ғалымның бұл пікірі бұрынғы дәстүрлі поэзияға қатысты айтылғаны дау тудырмайды. Қазіргі қазақ өлеңінде жеті, алты, бес буынды бунақтар көптеп кездеседі. Мысалы, Бауыржан Қарағызұлының жоғарыда нысанға алынған «Адасу. Қала. Депрессия» атты өлеңіндегі бунақ сандары бірінші тармақта 5+3+5+3, екінші тармақта 4+3+5+3 болып тұр. Байқағанымыздай әр тармақ дәстүрлі өлең жүйесіндегідей 3+4 бунақтан тұрмайды. Өлеңді бұлай, бунақ санына жіктеу түркі тілдес халықтарына, әсіресе қазақ өлеңіне тән белгі.

Жалпы буын санының 15-16, тіптен одан артық 18-19 буынды болып келуі, жоғарыда айтқанымыздай, Төлеген Айбергенов шығармашылығынан

бастау алып, кейін Фариза Оңғарсынованың шығармашылығында 26 буынға дейін жеткен-ді. Ал ақын Ерлан Жүністің шығармашылығында 21 буынмен қатар 3, 9, 12 буындардың араласуы жиі кездеседі. Мәселен, «Мен кеше» атты өлеңіне назар аударсақ:

Мен кеше,
Нәсердің астында қалудың ең үздік үлгісін көрсеттім көктемге!
Мен кеше,
Жымия қарадым өткенге, кеткенге [20].

Үш шумақтан тұратын өлеңдегі айтылар негізгі ойдың салмағы 21 буынды тармаққа түсіп отырады. Өлең құрылымына мән беріп қарасақ, 3, 9, 21 буындардың араласып келуі ырғақ толқындарын түрлендіріп, оның құрмалас сөйлем емес, өлең болуына ықпал етіп, оның ішінде ақ өлеңге айналдырып тұр.

Ерлан Жүніс – Қазақ поэзиясында есімі екі мыңыншы жылдардан кейін пайда болып, бүгінде кітап сүйер қауымға етене таныс, әрі оқырманы көп ақындардың бірі. Оның шығармашылығына назар аударып қарасақ, оның өлеңдерінің құрылымынан ақынның дәстүрлі қара өлең ұйқасынан алшақ екенін және өлеңдерінің интонациясы мен формасының әралуандығын байқаймыз. Ақын өлеңдерінің басым бөлігінде диалог формасын пайдаланады. Оқырманмен не лирикалық кейіпкермен арадағы диалог өлеңнің экспрессивті-эмоционалдық қуатын нығайта түскендей. Ақынның 2014 жылы жарық көрген «Үміт жырлары» атты өлеңдер топтамасы екі бөлімнен тұрады. Бірінші «Жұтылған жаңғырық» атты бөліміне топтастырылған өлеңдердің мән-мазмұнына қарасақ, ақынның әлемнің бір бөлшегі болып, оның сырын ұғынып, өзінің мына әлемде бар екенін дүйім жұртқа білдіргісі келсе, екінші «Сағынышы басылмаған жүрек» атты екінші бөлімінде өзінің жүрегіндегі сырын мен мұңын, ойын ақтарылып айтады. Оның шығармашылығының бір ерекшелігі – философиялық лиризммен оқырманды баурап алатынында.

Ерлан Жүністің өлеңдерінің ішкі тірегінен бөлек, оның сыртқы формасы да өзгеше. Әсіресе, оның өлеңдеріне тыныс белгілерінің қолданылуы ерекше әсере етеді. Тыныс белгілері де өлеңдерге сөз секілді мағына үстейді. Ондағы дыбыс толқындарын - интонацияны түрлендіре отырып, эмоционалдылық-экспрессивтілік күшін тереңдете түседі. Өткен ғасырда-ақ өлеңдерінде модернистік жаңа леп айқын көріне бастаған Е. Раушанов, Т. Әбдікәкімұлы, Ұ. Есдәулет, Г. Салықбаева сынды ақындардың өлеңдерінде тыныс белгілері ақынның сезімін білдіруде сөздің орнына қолданылып, көркемдік деңгейін арттыра түсті. Бір ғана тыныс белгі арқылы өрекіген сезімді де, ішкі толғанысты да бере отырып, өлеңнің ырғақтық-интонациялық құрылымын түрлендірді.

«Тасымал мен үзілістерді, тыныс белгілерін өлең жасаудың бір құралы ретінде тиімді пайдалану бүгінгі лириканың үлкен жетістігі», - дейді өлеңтанушы-ғалым А. Үсен [18: 285]. Қазіргі поэзияны оқығанда ғалымның

пікіріне нақты мысалдарды көптеп кездестіреміз. Мысалы, ақын Ерлан Жүністің шығармашылығында тыныс белгілерінің қолданылуы өте жиі кездеседі.

Сағынамын. Жабығамын. Бағынамын жүрекке.

Не қыламын. Бәрі мәлім: сезім осы – дір етпе!

Сүйеп қалдым. Тұйықталдым. Ұйып – қандым сырына

Биік таудың шығып та алдым барса келмес шыңына [19]. Бір тармақ ішіндегі мұндай кідірістер қазіргі поэзияда молынан кездеседі. Мысалы Shoot the moon өлеңінде:

Жалғыз шеше елде қалды,

Жалғыз ұл...

Жалғыз ұлы жолда қалды,

Ақсады...[19:62]. Ақын бұл өлеңінде көп нүкте арқылы психологиялық ұзақ кідірісті енгізе отырып ішкі күрсінесті сездірген.

Ерлан Жүністің өлеңдерін оқығанда оның өлеңдерінің ырғақтық-интонациялық құрылымынан жоғары дауыс ырғағын, көтеріңкі көңілді емес, бәсең, біркелкі дауыс толқынын аңғарамыз. Ақын мені пафосқа, жалған ұранға бой алдырмайды. Мұнысы оның өлеңдеріне сыршылдық пен нәзіктік дарытатындай, сонысымен оқырманды баурайтындай. «Қарашаның жетісі» өлеңінде де өлеңнің бастапқы желісі ақынның леп белгісін қолданғанына қарамастан соңына дейін жалғасып отырады. Оқып көрелік:

Туған жерден 26 миль.

Қауыс.

Жұлдыздар ауысқан

түн.

Таң.

«Күн

шықты, Сир!»

Рахмет!

Ерек!

Кімге,

Рахмет керек?

Күнге! [19:104]

Ақ өлеңнен бөлек, бүгінгі поэзиядағы өзгеше кеңістік прозалық өлеңдер де сонау Абай, Мағжандардан кейін жалғасын тауып, бүгінгі қазақ поэзиясында жаңа бір деңгейге көтерілді. Прозалық өлең дегенде әуелі Абайдың “Қара сөздері”, Мағжанның “Балапан қанат қақты”, “Домбыра” сынды алғашқы үлгілері келсе, кейін бұл қатарды Е. Раушанов, Ж. Бөдеш, Б. Қошым-Ноғай сынды ақындар жалғастырды. Ал қазіргі поэзияда бұл кең етек алып, жекелеген авторлар эксперимент ретінде жиі пайдаланып жүргені байқалады.

Ақынның атауы да, құрылымы да, ішкі мазмұны да ерекше өлеңдерінің

бірі “Диалогтар”. Өлең көлемді, тоғыз бөлімнен тұрады. Тоғыз бөлімнің әрбірінде әртүрлі ой айта отырып, оның бәріне тұтас бір ойды, бір идеяны жүк қылған бұл өлеңінің ерекшелігі сол - бір ой, бір сұрақ бір-бірін жалғамайды. Әр тармақта жаңа ой айтылады. Ақынның шеберлігі бір ғана сөзге күрделі ойды байлаудың есебін табады.

Бұл диалогтарға құрылған өлеңнің алғашқы бөлімі “Бұл кім?” деген сұрақ-жауап арқылы диалог формасында берілсе, диалог формасын келесі бөлімінен табамыз. Мысалы:

- Мені ертең оятпа, досым.
– Ұйықтасын дейсің бе әлем?
– Тағы да сол үшін кешір...
– Кешпейді Өлең!
– Бізсіз де орнында бәрі...
– Ағартпа жүректің шашын!
– Ұйқыда Өлемнің Жаны!
– Оята алмай ма Ғасыр?!
– Ол үшін Мыңжылдық қажет.
– Пайғамбар күтерсің, бәлкім?..
– Бір Ғұмыр – бір ғана мезет.
– Қорлама Мезеттер Даңқын! [19:110]

Ақынның өлеңде тыныс белгілерін қолдануы, ойды жеткізуде диалог, диалог секілді формаларды пайдалануы қазақ өлеңіне жаңа леп әкелген-ді. Сол секілді ақын Бауыржан Қарағызұлының шығармашылығы да қазақтың прозалық поэзиясын жаңа бір деңгейге көтере алды. Оның “Арман” атты өлеңін оқып көрелік:

- Бәрі ақылдының рөлін ойнайды,
жаттанды. Нанымсыз. Зерігіп кетесің.
Мен де ойнаймын, сәтсіз ойнаймын,
ол да сенімсіз. Не етесің?
Уай, бәрі – жаттанды.
Кейде, ойлаймын: шын өмір –

жапалақтың көзінде аққан түн, - деп айтар ойын ешбір формаға лайықтамай, эмоционалдылығын күшейте отырып жеткізеді [20]. Өлеңтанушы А. Үсен прозалық өлеңдерде “...Өлең форманың ауқымынан шығып, формасыз-ақ көріну деңгейіне жетеді. Мұндай өлеңдерде ой тереңдігі мен сезім қуаттылығы шырқау шыңнан көрінеді”, - деп мұндай өлеңдердегі ойдың қуатты болатынын, оның адамның ішкі жан-дүниесіне әсері молырақ екенін айтады [21:54]. Яки, ақын Бауыржан Қарағызұлы өзінің ішкі ойын, сезімін жеткізуде өзіндік дара жолын сала алды. Ол бізге белгілі ақ өлең мен қара өлеңді байланыстыра отырып, өзіне ғана тән стильді қалыптастыра алды.

Нәтижелер. Стиль мен модификация қазіргі поэзияда маңызды рөл

атқарады. Стиль автордың даралығын, оның өмірге, дүниеге көзқарасын көрсетеді, ал модификация қазіргі технологияның қарыштап дамып жатқан тұсында қызыушылығы тез сейіліп бара жатқан оқырманды өлең өлкесінен алшақтатпау үшін оған жаңашыл, өзіндік сипат береді.

Қазіргі стильдердің бірі – постмодернизм. Ол дәстүрлі формалар мен жанрлардан бас тарту, дәйексөздерді, тұспалдарды, сөз тіркестерін және бейнелі өрнектерді қолданумен сипатталады.

Тағы бір танымал стиль – эксперименталды поэзия. Бұл ретте авторлар стандартты өлеңдер мен формалардан алшақтап, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, өзге жанрлар мен тілдерді араластыра отырып поэзия тудырады.

Модификация қалыптан тыс формалар мен әдістерді қолдануды ғана емес, сонымен қатар көпке әбден белгілі болып қалған тақырыптар (қазіргі ақындардың өлеңдерінің тақырыптарына назар аударсақ, саналуан, тіпті, адам қиялы жете бермейтін не қаперіне ілмейтін тақырыптарды жырлайды) мен дәстүрлі элементтерден ауытқуды да қамтиды. Авторлар жаңа семантикалық ағымдар мен бағыттарды жасай отырып, суреттермен, метафоралармен және мағыналармен батыл түрде эксперимент жасайды. Қазіргі өлеңдерде заманауи әлемнің күрделілігі мен алуан түрлілігі көркем түрде өң береді.

Қазіргі қазақ поэзиясы – классикалық-дәстүрлі мотивтер де, тақырыптар да, қазіргі заманғы үрдістер мен эксперименттер де көрініс табатын көп қабатты, күрделі жанр.

Қазіргі қазақ поэзиясында лирика (мұнда автор өзінің эмоциясы мен сезімін білдіреді), философиялық поэзия (ақын өмір мен болмыстың мәні туралы сұрақтар қояды), сюрреализм (ақын өзгеше жаңа образдар жасап, күтпеген әрекеттер жасайды) сияқты бірнеше негізгі бағыттар бар.

Поэзиядағы модернизм – ХХ ғасырдың басында Еуропада пайда болып, дүние жүзіне тараған әдеби бағыт. Бұл романтизм мен позитивизм сияқты ХІХ ғасыр поэзиясының қатаң канондарына жауап болды.

Модернизм верификацияның жаңашыл түрлерімен, тілде әдеттен тыс әдіс-тәсілдерді қолданумен, өлеңнің формасы мен композициясына тәжірибе жасаумен сипатталады. Модернизм ақындары қазіргі заманды барлық технологиялық және көркемдік құбылыстарымен бейнелеуге ұмтылды.

Олар қатал ережелер мен конвенциялардан бас тартып, сонеттер немесе төртбұрыштар сияқты дәстүрлі өлең формаларынан бас тартты. Оның орнына модернистер өз ойлары мен сезімдерін білдіру үшін еркін өлеңдер мен эксперименттік формаларды жиі пайдаланды.

Поэзиядағы модернизм көбінесе түсініксіз және әртүрлі түсіндіруге ашық таңбаларды қолданумен де сипатталады. Модернизмнің көптеген ақындары әдеттен тыс және қарқынды бейнелер жасайтын семантикалық ассоциациялардың көмегімен әлемді бейнелеуге тырысты.

Модернизмнің ең танымал ақындарының қатарына Томас Элиот, Эзра

Паунд, Уильям Карлос Уильямс, Роберт Фрост жатады. Олар әлемді ХІХ ғасыр ақындары секілді емес, қалай бар солай бейнелейтін заманауи және қазіргі поэзияны жасады. Модернистік сипат қазақ әдебиетінде Т. Медетбек, Е. Раушанов, Ж. Бөдеш, Т. Әбдікәкімұлы, Г. Салықбаевалардың шығармалығынан бастап көрініп, олардың поэзиясымен тығыз бағланысты айтыла бастады.

Ал поэзиядағы постмодернизм – 1950-1970 жылдары дәстүрлі модернизм мен оның автор сөзінің ең жоғары шындығына, өзіндік ерекшелігіне, әмбебаптығына сенетінін сынау нәтижесінде пайда болды. Постмодерндік поэзия ақынның субъективті «менін», оның жеке тәжірибесі мен сезімін, сондай-ақ дәстүрлі поэтикалық формалары мен тілдік нормаларын білдіруден бас тартады.

Сондай-ақ, постмодерндік поэзияның бір белгісі – интертекстуалдылық. Мұндай поэзияда басқа әдеби шығармалардан дәйексөздер мен тұспалдар қолданыла бастады. Бұл материал көздерімен таныс адамдар ғана өлең ішінде қат-қабат мәндерді жасап, оның құрылымын күрделендіре түсті. Және мұндай өлеңдерді сол материал көздерімен таныс оқырмандар ұғына алатын болды. Яғни, мұндай поэзия оқырманнан терең интеллектуал білімді талап ететін болды. Қазақ әдебиетіндегі интеллектуал поэзия жайлы сөз қозғалғанда біз талдау нысанына алған үш ақынның да шығармашылығы назардан тыс қалмайды. Үш ақынның да өлеңдерінде өзге әдеби шығармаларға, ондағы ойға тұспал да, тікелей дәйексөз де кездеседі.

Поэзияны тек автор ғана емес, оқырман да жасаған мәтін ретінде жаңаша түсіну, әртүрлі тілдермен тәжірибе жасау, әртүрлі дауыстар мен кейіпкерлерді жеткізу, сонымен қатар жанрлық және аудиторияның үмітімен ойнауға мүмкіндік берілуі постмодернизмнің поэтикасын ашады. Постмодернизмнің пайда болуының нәтижесінде автор мен қоса оқырман да жаңа мәртебеге ие болып, рецептивті эстетика, «автор өлімі» сынды теориялық ұғымдар ғылыми айналымға енді. Қазақ поэзиясында постмодернизмнің жарқын өкілдері деп нақты ақындарды санамалап айтып берудің жөні жоқ. Себебі бұл бағытқа тән белгілер тәуелсіздік жылдарындағы ақындардың көпшілігінің шығармашылығынан табылады. Ғалым Б. Майтанов та «Қазіргі қазақ поэзиясы және постмодернизм» атты мақаласында: «Ешбір көркемдік әдіс, ағым, бағыт, туралы әлем әдебиетіндегі басым қағидаларға байланып қалудың ретін көре алмаймыз», - дейді [14:5].

Бұдан кейін поэзияда пост-постмодернизм ұғымы пайда болды. Бұл – 1980 жылдары Америка мен Еуропада постмодернизмге реакция ретінде пайда болған ағым. Оның алдыңғысынан айырмашылығы, ол мағына мен құндылықты жоққа шығармайды, керісінше субъективтілікке, дәстүр мен мәдени мұраға назар аударуға ұмтылады. Пост-постмодерндік поэзия жалпы әдет-ғұрыптар мен сұлулық пен өрнек стандарттарынан бас тартып, даралық пен жеке тәжірибеге үлкен мән береді. Ол дәстүрлі метрикалық және рифмалық схемаларды, тарихты, саясатты, экономиканы, философияны және мифтерді

міндетті түрде ұстанбай, формалармен тәжірибе жасайды. Мұның барлығы да адам мен өмірді түсіну үшін баламалы материал болып табылады. Пост-постмодерн өкілдерінің қатарында Энн Карсон, Леонард Коэн, Джон Эшбери сынды американдық ақындары бар.

Поэзияның бүгінгі сипаты оның гетерогенді сала екенін көрсетеді. Оның кейбір көріністері әдеби көркемдіктен ауытқып, графикалық дизайн немесе бейнелеу өнерімен тығыз байланысқа да түсіп келеді. Бүгінгі поэзияның маңызды жанрларының қатарына «гипермәтінді поэзияны» («қозғалыстағы поэзия»), виртуалды поэзияны (жылжытуға болатын интерактивті мәтіндер) жатқызуға болады. Әлемдік поэзиядағы мұндай тенденциялар қазақ поэзиясынан бүгінге дейін көрініс бермеді. Дегенмен, қазіргі қазақ ақындарының уақыт ағымынан артта қалмай ізденуінен көп ұзамай мұндай өзгерісті байқайтынымызға сеніміміз мол.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесінде қазіргі қазақ өлеңі байырғы классикалық өлең өрнегіне ұқсамайтыны анықталды. Бүгінгі ақындардың көпшілігінің шығармашылығынан рифманың сақталмайтынын байқаймыз. Олар сонысымен бір-бірінен ерекшеленетін әртүрлі ағымдар мен бағыттарды тудырды. Олар қатаң метрика мен өлең өлшемін ұстанбай, дыбысталуы табиғи өлеңдерді тудыруға тырысады. Біз негізге алған ақындардың шығармашылығынан еркіндіктің лебі анық көрінеді.

Бүгінгі қазақ поэзиясындағы ең көп таралған бағыттың бірі ол еркін өлең жазу болып отыр. Мұнда қатып қалған бір өлшем мен рифма жоқ дегенмен, бұл өлеңдер де эмоционалдық-эстетикалық экспрессиядан ада емес.

Сондай-ақ дәсүрлі өлең формасын ұстанатын, бірақ одан бөлек сөздің дыбысы мен мағынасына эксперимент жасай отырып, қалыптан тыс рифмалар мен өлшемдерді қолданатын авторлар да кездеседі. Ал ендігі бір ақындар құрылымы анық емес, тек өз ойын, сезімін бір шеңберге салып қоймай, ешқандай шектеусіз өзінің ішкі даусын жеткізуге мүмкіндік беретін еркін формада өлең шығаруды жөн көреді.

Қазіргі қазақ поэзиясы өзінің көп қырлылығымен және шынайы авторлардың өз даусын естіретін формалар мен стильдердің алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Мұндай әр алуандық поэзияның табиғатын байытып, қаламгерлердің өзіндік пікірі мен эмоциясын еркін білдіруіне мүмкіндік береді. Нәтижесінде ұлттың әдебиеті мен мәдениеті толыса түсіп, оқырманның ішкі жан дүниесі, рухани болмысы байи түседі.

Әдебиеттер

1. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Ғылым, 1973. – 211 б.
2. Ахметов З. Казахское стихосложение. – Алматы: Наука, 1964. – 409 б.
3. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: Фолиант, 2002. – 408 б.
4. Негимов С. Зерттеулер: Өлең өрімі. Т.1. – Астана: Фолиант, 2015. – 424 б.

5. Үсенова А. Қазіргі қазақ өлеңінің құрылысы: дәстүр және даму үрдістері: Монография. – Алматы: Білім, 2010. – 320 б.
6. Ержанова С. Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында. – Алматы: Білім, 2010. – 320 б.
7. Ержанова С. Өлеңтанудағы өрнектер // ҚМПУ Хабаршысы, №5 (6), 2011. – Б. 61-64.
8. Пуарье Р. Әдебиеттің жаңаруы (The renewal of literature). – Рандом хауз (Random House), 1987. – 256 б.
9. Кроуфорд Р. Қазіргі поэзия және қазіргі ғылым (Contemporary Poetry and Contemporary Science). – Оксфорд Университи Пресс (Oxford University Press), 2006. – 256 б.
10. Шталь Х. Ашық тақырыптар мен табиғаттан аудармалар: Қазіргі поэзиядағы антропоценге жауаптар (Геннади Аджи, Лес Мюррей, Кристиан Ленерт) (The open subject and translations from nature: Answers to the in contemporary poetry (Gennadij Ajgi, Les Murray, Christian Lennert) // Антропоценге шолу (The Anthropocene Review), 2021, 9-том, 2-шығарылым, 185-205 б. <https://doi.org/10.1177/205301962111038659>
11. Жирмунский В. Өлең теориясы (Теория стиха). – Л.: Кеңес жазушысы. Ленинград бөлімі (Сов. писатель. Ленингр. отд-ние), 1975. – 664 б.
12. Потебня А. Теориялық поэтика (Теоретическая поэтика). – Мәскеу: Жоғары мектеп (Высшая школа), 1990. – 344 б.
13. Федотов О. Орыс өлеңтануының негіздері: орыс өлеңінің теориясы мен тарихы. Метрика және ритмика (Основы русского стихосложения: теория и история русского стиха. Метрика и ритмика). – Мәскеу: Флинта, 2002. – 848 б.
14. Майтанов Б. Қазіргі қазақ поэзиясы және постмодернизм // Қазақ әдебиеті, 2011, №41(3257), 5 б.
15. Базарбаев М. Таңдамалы шығармалар. I том. Әдебиет және дәуір. Астана: Нұра-Астана, 2009. – 392 б.
16. Елгезек А. Шаһар кезген: Өлеңдер. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2021. – 400 б.
17. Қарағызұлы Б. Жүрек кітабы. Өлеңдер. – Алматы: Хантәңірі, 2014. – 190 б.
18. Үсен А. Қазіргі поэзиядағы жаңа ырғақтық сабақтастықтар // ҚазҰУ Хабаршысы, №4-5 (128-129), 2010. – Б. 285-287.
19. Жүніс Е. Үміт жырлары. Өлеңдер. – Алматы, «Хантәңірі», 2014. – 324 б.
20. Қарағызұлы Б. Бәрі ақынның рөлін ойнайды // https://adebiportal.kz/kz/news/view/bauyrzan-qaragyzuly-bari-aqyldynyn-rolin-oinaidy_22262
21. Үсен А. Қазақ поэзиясындағы прозалық өлеңдер // Қазақ тілі мен әдебиеті журналы, 11, 2010. – Б 46-55.

А.П. КУРМАНБАЙ, Ж.Б. САРСЕНБАЕВА, Е. ХУАТБЕКУЛЫ

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ

(по произведениям А. Елгезек, Е. Жунис, Б. Карагызұлы)

Аннотация. С целью определения взаимосвязи новаторства и традиции в современной казахской поэзии в статье проанализированы стихи поэтов, чьи произведения стали хорошо известны читательской аудитории спустя два тысячелетия. Пристальное внимание уделялось последним тенденциям и стилистическим особенностям каждого их стихотворения. Особое внимание уделялось синтаксическому строю, языковым единицам и интонационному составу стихотворений. В ходе исследования на основе научных выводов отечественных и зарубежных ученых, связанных с поэзией, были представлены образцы стиха и поэзии в прозе. Учитывалась не только внешняя форма стихотворений, но и внутреннее содержание, тематические и идейные особенности. Проведен сравнительный анализ строфических особенностей стихотворений. Акцент был сделан на изменении таких понятий, как слог, сегмент, строка, рифм. Произведено систематическое описание того, как этапы общественного развития влияли на структуру стихотворений. Помимо структурных изменений в современной казахской поэзии внимание было обращено и на последние тенденции в мировой поэзии. Рассмотрено преемственное развитие жанровых особенностей, появившихся в системе стихотворения под влиянием развития Интернета и технологий.

В результате исследования подробно показан характер развития современной казахской поэзии и признаки ее новаторства, жанровые изменения в поэзии. Раскрыты поиски современных поэтов в трансформации поэзии.

Ключевые слова: поэзия, форма, стиль, модификация, ритм, белый стих, Прозаические стихи.

A.P. KURMANBAY, ZH.B. SARSENBAYEVA, Y. KHUATBEKULY

Institute of Literature and Arts named after M.O. Auezov, Almaty, Kazakhstan

NEW TRENDS IN MODERN KAZAKH POETRY

(Based on the works of A. Elgezek, E. Zhunis, B. Karagyzuly)

Abstract. In order to determine the relationship between innovation and tradition in modern Kazakh poetry, the article analyzes the poems of poets whose works became well known to the readership after two millennia. Close attention was paid to the latest trends and stylistic features of each of their poems. Special attention was paid to the syntactic structure, linguistic units and intonation composition of the

poems. In the course of the study, samples of verse and poetry in prose were presented on the basis of scientific conclusions of domestic and foreign scientists related to poetry. Not only the external form of the poems was taken into account, but also the internal content, thematic and ideological features. A comparative analysis of the strophic features of the poems is carried out. The emphasis was placed on changing concepts such as syllable, segment, side, rhyme. A systematic description of how the stages of social development influenced the structure of poems is made. In addition to structural changes in modern Kazakh poetry, attention was paid to the latest trends in world poetry. The article considers the successive development of genre features that appeared in the poem system under the influence of the development of the Internet and technology.

As a result of the study, the nature of the development of modern Kazakh poetry and signs of its innovation, genre changes in poetry are shown in detail. The search for modern poets in the transformation of poetry is revealed.

Keywords: poetry, form, style, modification, rhythm, white verse, prose verses.

References

1. Ahmetov Z. Öleñ sözdiñ teoriasy. – Almaty: Ğylym, 1973. – 211 b.
2. Ahmetov Z. Kazahskoe stihoslojenie. – Almaty: Nauka, 1964. – 409 b.
3. Ahmetov Z. Poezia şyñy – danalyq. – Astana: Foliant, 2002. – 408 b.
4. Negimov S. Zertteuler: Öleñ örimı. T.1. – Astana: Foliant, 2015. – 424 b.
5. Üsenova A. Qazırǵı qazaq öleñiniñ qūrylysy: dāstūr jāne damu ūrdisteri: Monografıa. – Almaty: Bılım, 2010. – 320 b.
6. Erjanova S. Qazaq poeziasy tāuelsızdık tūsynda. – Almaty: Bılım, 2010. – 320 b.
7. Erjanova S. Öleñtanudaǵy örnekter // QMPU Habarşysy, №5 (6), 2011. – B. 61-64.
8. Puare R. Ädebiettñ jañaruy (The renewal of literature). – Random hauz (Random House), 1987. – 256 b.
9. Krouford R. Qazırǵı poezia jāne qazırǵı ğylym (Contemporary Poetry and Contemporary Science). – Oksford İuniversiti Pres (Oxford University Press), 2006. – 256 b.
10. Ştāl H. Aşyq taqyryptar men tabıǵattan audarmalar: Qazırǵı poeziadaǵy antroposenge jauaptar (Gennadi Ajgi, Les Mūrrei, Kristian Lenert) (The open subject and translations from nature: Answers to the in contemporary poetry (Gennadij Ajgi, Les Murray, Christian Lennert) // Antroposenge şolu (The Anthropocene Review), 2021, 9-tom, 2-şyǵarylym, 185-205 b. <https://doi.org/10.1177/20530196211038659>
11. Jirmunski V. Öleñ teoriasy (Teoria stiha). – L.: Keñes jazuşysy. Leningrad bölımı (Sov. pisatel. Leningr. otd-nie), 1975. – 664 b.
12. Potebnä A. Teorialyq poetika (Teoreticheskaia poetika). – Mäskeu: Joǵary mektep (Vyşsaia şkola), 1990. – 344 b.

13. Fedotov O. Orys öleñtanuynyñ negızderi: orys öleñiniñ teoriasy men tarihy. Metrika jäne ritmika (Osnovy ruskogo stihoslojenia: teoria i istoria ruskogo stiha. Metrika i ritmika). – Mäskeu: Flinta, 2002. – 848 b.
14. Maitanov B. Qazırǵı qazaq poeziasy jäne postmodernizm // Qazaq ädebieti, 2011, №41(3257), 5 b.
15. Bazarbaev M. Tañdamaly şyǵarmalar. I tom. Ädebiet jäne дәuir. Astana: Nūra-Astana, 2009. – 392 b.
16. Elgezek A. Şahar kezgen: Öleñder. – Almaty: JŞS RPBK «Dәuir», 2021. – 400 b.
17. Qaraǵyzūly B. Jürek kitabı. Öleñder. – Almaty: Hantәñiri, 2014. – 190 b.
18. Üsen A. Qazırǵı poeziadaǵy jaña yrǵaqtyq sabaqtastyqtar // QazǰU Habarşysy, №4-5 (128-129), 2010. – B. 285-287.
19. Jünis E. Ümit jyrlary. Öleñder. – Almaty, «Hantәñiri», 2014. – 324 b.
20. Qaraǵyzūly B. Bәri aqynnyñ rölin oinaidy // https://adebiportal.kz/kz/news/view/bauyrzan-qaragyzuly-bari-aqyldynyn-rolin-oinaidy_22262
21. Üsen A. Qazaq poeziasyndaǵy prozalyq öleñder // Qazaq tılı men ädebieti jurnalı, 11, 2010. – B 46-55.

Авторлар туралы мәлімет:

Құрманбай Айжан Пердебекқызы – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Құрманбай Айжан Пердебековна – научный сотрудник Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан.

Kurmanbay Aizhan Perdebekqyzy – researcher at the M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan.

Сәрсенбаева Жансұлу Баденқызы – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Сәрсенбаева Жансұлу Баденовна – научный сотрудник Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан.

Sarsenbayeva Zhansulu Badenqyzy – researcher at the M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan.

Хуатбекұлы Ерқанат – философия докторы (PhD), М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан

Хуатбекұлы Ерқанат – доктор философии (PhD), старший научный сотрудник Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан.

KhuatbekulyYerkanat – doctor of Philosophy (PhD), senior researcher at the M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan.